



КӨМІРДЕН ҚУТЫЛУДЫҢ ҚАРЕКЕТІ

4-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



ЖЕКЕМЕНШІК ҚАРТТАР ҮЙІНЕ КӨМЕК КЕРЕК

7-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ



ДАНАЛЫҚПЕН ДАРАЛАНҒАН

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

“ ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Ұл ақылды хош көрмес – ата үлгісін көрмесе, қыз жарытып ас бермес – ана үлгісін көрмесе.

Қорқыт

”

№7
(4751)
Сейсенбі
21 қаңтар
2025 жыл



ASTANA

ELORDA AQPAPAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ТЕРМИНАЛ АРҚЫЛЫ БЕРІЛЕДІ

Цифрлық даму министрлігі паспорт пен жеке куәліктерді терминал арқылы беруге арналған қанатқақты жоба әзірледі.

Бұл қызмет биометриялық сәйкестендіру терминалы арқылы жүзеге асады. Пилоттық жоба республикалық маңызы бар қалалар мен Астана, облыстардың әкімшілік орталықтарында, сондай-ақ Байқоңыр қаласында басталады.


«Қолданыстағы тәртіпке балама нұсқа ретінде «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының фронт-офистерінде биометриялық сәйкестендіруді пайдалана отырып, құжаттау терминалы арқылы «Қазақстан Республикасының азаматтарына паспорттар, жеке куәліктер беру» мемлекеттік қызметін көрсету 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін іске асады» делінген Ашық НҚА порталында жарияланған бұйрық жобасында.

САНСӨЙЛЕМ

ҚЫС МЕЗГІЛІНІҢ БАСЫ-
НАН БАСТАП ҚАЛАДАН

3300 000

ТЕКШЕ МЕТРГЕ
ЖУЫҚ ҚАР
ШЫҒАРЫЛДЫ.



ТІГІНШІ МАМАНДЫҒЫНА СҰРАНЫС МОЛ

«Жұмысшы мамандықтарының жылы» еңбек адамдарына үлкен қолдау берері анық. Бүгінгі таңда жер-жерде жұмысшы мамандықтарын даярлау бойынша бірқатар жоба жүзеге аса бастады. Елордадағы «ASTANA Ютария LTD» серіктестігінде 200 тігінші жұмыс істейді. Бұл кәсіпорынға тапсырысты ұлғайтып, өнімді арттыру үшін тағы да тігіншілер қажет болады.

АТА-АНАЛАРҒА ҮНДЕУ ЖАСАДЫ

Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл қызметкерлері Астанада елордалық жоғары оқу орнының 16 жастағы екі студентін ұстады. Олардың біреуінен аса ірі көлемде синтетикалық есірткі тәркіленді.

Жасөспірімдердің есірткі қылмысына қатысуы жылдан-жылға көбейіп отыр. Осыған байланысты Ішкі істер министрлігі тарапынан ата-аналарға үндеу жарияланды.

«Құрметті ата-аналар! Балаларыңызбен есірткінің зияны туралы сөйлесіп, заңсыз әрекет үшін жауапкершілік барын түсіндіріңіздер. Олар заңсыз әрекетке тартылса, сіздерге айтуға қорықпауы керек. Балалардың араласу ортасын, олар пайдаланатын

интернет-ресурстарды қадағалаңыздар. Заттарының арасында медициналық препараттар, фольга, шыны түтікшелер кездесе, назардан тыс қалдырмаңыздар. Олар есірткі қолдануға арналған болуы мүмкін. Есірткі қылмысы үшін қылмыстық жауапкершілік 16 жастан басталатынын еске саламыз» деді ІІМ Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл комитеті төрағасының орынбасары Қуандық Әлжанов.



Астанада Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына арналған әскери шеру 7 мамырда өтетін болды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 31 желтоқсандағы қаулысымен 2025 жылы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына дайындық және мерекелеу жөніндегі іс-шаралар жоспары «Ұлы Жеңіс: ерлікке тағзым, ұрпаққа үлгі» жобасы бекітілді. Жобада 2025 жылғы 7 мамыр – Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына және Отан қорғаушылар күніне арналған әскери шеру іс-шарасы мерекелеудегі басты оқиғаға айналады. Ал 9 мамырда Отан қорғаушылар ескерткіштеріне гүл шоқтарын қою рәсімі өтеді.



БІРҚАТАР ТАПСЫРМА БЕРДІ

Мемлекет басшысы Әділет министрі Ерлан Сәрсембаевты қабылдады.

Президентке әділет органдары қызметінің негізгі бағыттары, сондай-ақ Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауын жүзеге асыру аясында белгіленген министрліктің

мақсаттары мен міндеттері жөнінде баяндалды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа нормативтік актілер әзірлеу қызметінің сапасын арттыру, заң үстемдігін қамтамасыз ету және әділетті әрі қауіпсіз қоғам қалыптастыру бойынша атқа-

рылып жатқан жұмыстар туралы мәлімет берілді.

Мемлекет басшысы құқықтық жүйені нығайту үдерісінде азаматтардың құқығы мен мүддесіне ден қоюдың маңызын атап өтті.

Кездесу соңында Президент бірқатар тапсырма берді.

АҚПАРАТ АЛУ ЖЕҢІЛДЕЙДІ

Сенаттың жалпы отырысында «Зағиптардың және көру қабілеті бұзылған немесе баспа ақпаратын қабылдау қабілеті өзгедей шектелген адамдардың жария етілген туындыларға қол жеткізуін жеңілдету туралы Марракеш шартын ратификациялау туралы» заңы мақұлданды.

«2013 жылғы 27 маусымда Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының дипломатиялық конференциясында қабылдаған Марракеш шарты көру қабілеті бұзылған адамдар үшін әдеби және көркем шығармаларға қол жеткізуді жеңілдетуге, сондай-ақ кедергілерді жоюға және олардың физикалық қабілеттеріне қарамастан, барлық азаматтар үшін білім мен жарияланған шығармаларға тең қол жеткізуді қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл шарт зағиптар мен нашар көретін адамдар үшін ыңғайлы форматтағы туындыларды көбейтуге, таратуға, жалпыға ортақ назарға жеткізуге және жариялауға мүмкіндік беру мақсатында авторлық құқықтарға қатысты

шектеулер мен ерекшеліктердің стандартты жиынтығын қамтып отыр. Құжат авторлық құқықтарға қатысты ұлттық заңнаманы Марракеш шартына сәйкес келтіруді қарастырады» деп түсіндірді сенатор Амангелді Толамисов.

Марракеш шарты уәкілетті органдар желісі бойынша тиісті форматтағы туындылармен трансшекаралық алмасуды жүзеге асыруға, сондай-ақ зағиптар мен нашар көретін адамдарға арналған кітапханалар желісінің сақталуын және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

«Қазақстанның Марракеш шартына қосылуы көру қабілеті бойынша мүгедектігі бар адамдарға арналған кітаптарға,

журналдарға, оқу материалдарды емін-еркін алуын кеңейтуге, қоғамның мәдени әрі әлеуметтік өміріне араласуды қамтамасыз етуге және қолайлы форматтарда жасалған туындылармен халықаралық алмасуды жүзеге асыруға мүмкіндік жасайды. Жалпы, бұл ұзақ уақыт бойы кітаптар мен білімге қол жеткізу құқығы үшін күресіп келе жатқан баспа ақпаратын қабылдау қабілеті шектеулі адамдарды қолдау бағытында өте маңызды халықаралық шарт саналады. Шарттың нормалары Қазақстан Республикасының Конституциясы мен қолданыстағы заңнамасына, оның ішінде адам шартына қатысты нормаларға қайшы келмейді» деді депутат.

ПАРТИЯЛАР БЮДЖЕТТЕН ҚАНША ҚАРЖЫ АЛАДЫ?

Орталық сайлау комиссиясы саяси партияларды қаржыландыру ережелеріне өзгеріс енгізді. Қаулы 2025 жылдың 17 қаңтарынан бастап күшіне енді.

Өзгеріске сай, қаржыландыру мөлшері соңғы сайлау нәтижелері бойынша Мәжіліске ұсынылған саяси партияларға дауыс берген әр сайлаушы үшін 0,65 АЕК көлемінде есептеледі (2025 жылғы айлық есептік көрсеткіш бойынша 2555,8 теңгеге тең). Бұрынғы нормаға сәйкес әр сайлаушы үшін минималды

жалақының 3%-ы мөлшерінде есептеліп келген.

2023 жылы 19 наурызда өткен Мәжіліс сайлауында «Аманат» партиясы 3431510 дауыс жинады. Демек билік партиясы бюджеттен жылына 8,7 млрд теңгеден астам қаражат алады. 693938 дауыс жинаған «Ауыл» партиясына 1,7 млрд теңге бөлінеді. «Respublica»

партиясын қаржыландыруға 1,3 млрд теңге кетеді (547154 дауыс). Қазақстан халық партиясына 1,1 млрд теңге бағытталады (432920 дауыс). «Ақ жол» – 1,3 млрд теңге (535139 дауыс). Жалпыұлттық социал-демократиялық партияны қаржыландыруға (331058 дауыспен) 846 млн теңге қарастырылған.

ЖАҢА РЕЙСТЕР АШЫЛАДЫ

Көлік министрлігінің мәліметінше, наурыз айынан бастап «Air Astana» әуекомпаниясы Вьетнамға аптасына 4 рет Алматы-Нячанг, аптасына 3 рет Астана-Нячанг бағыты бойынша және аптасына 3 рет Алматы-Гуанчжоу бағыты бойынша Қытайға жаңа маршрут ашады.

Көктемгі-жазғы маусымнан бастап «Air Cairo» әуекомпаниясы аптасына 1 рет жиілікпен

Қостанай-Шарм-эль-Шейх және аптасына 2 рет Алматы-Хургада бағытында рейс ашуды жоспар-

лап отыр. Сондай-ақ Алматыдан Эль-Аламейнге аптасына 1 рейс қайта бастау жоспарлануда.

ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2005 жылы 18 қаңтарда Мәскеуде қол қойылған Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасы туралы шартқа 20 жыл толуына орай Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путинге құттықтау жеделхатын жолдады.

«Жалпыға бірдей халықаралық құқық нормаларын басшылыққа алған бұл тарихи құжат әлемдегі ең ұзын құрлық шекарасын құқықтық тұрғыдан рәсімдеуге берік не-

гіз қалады және елдеріміздің мызғымас достығының, тату көршілік пен одақтастық қатынастарының символына айналды» деп жазылған Қазақстан Президентінің

жеделхатында.

Мемлекет басшысы көршілес екі елдің сан қырлы ынтымақтастығы алдағы уақытта да дамып, беки түсетініне сенім білдірді.

ШЕТЕЛДІК МАРКЕТПЛЕЙСТЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІ РЕТТЕЛЕДІ

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Қазақстанда онлайн-сатуды жетілдіру мәселелері қаралды. Сауда және интеграция министрі Арман Шаққалиев электрондық коммерция нарығындағы жағдай туралы баяндады.

Оның айтуынша, электрондық сауда – әлемдік экономиканың ең қарқынды дамып келе жатқан сегментінің бірі. Бүгінде дүние жүзі халқының 30%-ы интернет арқылы онлайн-сауда жасайды. 2024 жылы жаһандық электрондық коммерция нарығының жалпы көлемі шамамен \$6,3 трлн-ға жетіп, оның ішінде электрондық сауданың үлесі 20%-ды құрады. Алдағы жылдары электрондық коммерцияның көлемі \$8,3 трлн-ға дейін өседі деп болжанды.

Сауда құрылымы қарқынды түрде өзгеріп жатыр. Жаңа

трендтер пайда болуда. Олардың қатарында жасанды интеллект технологияларын енгізу, дербестендіру, әлеуметтік желілер арқылы сауданың өсуі, стримингтер арқылы сауда жасау бар. 2024 жылдың 11 айы бойынша алдын ала жасалған деректерге сәйкес, Қазақстандағы электрондық сауда көлемі шамамен 3,2 трлн теңгені құрады. Өткен жылдың қорытындысы бойынша бөлшек сауда көлемінен жоспарланған 14,5%-дан 15%-ға дейін артуы болжанды.

Министр Қазақстанның

қолма-қол ақшасыз есеп айырудың кең таралуына, бөлшек финтех саласының дамуына, интернеттің қолжетімділігіне, жастардың жоғары үлесіне, 8 млн-нан астам адамға негізделген даму әлеуеті жоғары екенін айтты. Бүгінгі таңда министрліктің алдында 2029 жылға дейін электрондық сауданың бөлшек саудадағы жалпы көлеміндегі үлесін 18,5%-ға дейін арттыру немесе 9,3 трлн теңгеге жеткізу міндеті тұр. Бұл электрондық сауда көлемін іс жүзінде 3 есе ұлғайтуға мүмкіндік береді.

КАРТОП ҚОРЫ ЖЕТКІЛІКТІ

Премьер-министрдің тапсырмасы бойынша Ауыл шаруашылығы, Сауда және интеграция министрліктері елдегі картоп нарығындағы қалыптасқан ахуалға тұрақты түрде бақылау жүргізуде. Бұл туралы Үкіметтің баспасөз қызметі ақпарат таратты.

«Көрші елдердің, әсіресе Өзбекстан тарапынан сұраныстың артуына және экспорттық бағаның жоғары болуына байланысты биыл картоп экспорты 1,5 есеге, яғни 411 мың тоннадан 605 мың тоннаға дейін өсті. Картопқа деген аса жоғары сұраныс ішкі нарыққа әсер еткені аталып өтті. Мәселен, соңғы аптада экспортқа бағытталған өндірушілер арасында бағаның күрт өсуі (170 теңгеден 270 теңгеге дейін) тіркелді. Осыған байланысты ішкі нарықтағы картоп бағасын тұрақтандыру мақсатында 2025 жылғы 18 қаңтарда өткен Сауда қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия отырысында картопты үшінші елдерге әкетуді 6 ай мерзімге шектеу туралы шешім қабылданды. Бұл шара ЕАЭО елдеріне қолданылмайды, алайда бұл бағыттағы экспортқа бақылау жүргізіледі. Сонымен қатар қалыптасқан жағдайды ескере отырып, биылғы 16 қаңтарда экспортқа фитосанитариялық

сертификаттар беру толығымен тоқтатылды» делінген ресми ақпаратта.

Осы бағытта қабылданған іс-шаралар картоп бағасының тұрақтылығын қамтамасыз етуге, бағаның негізсіз өсуіне жол бермеуге және нарыққа қатысушылар тарапынан алыпсатарлық әрекеттерге жол бермеуге бағытталған. Сондай-ақ Сауда және интеграция министрлігінің аумақтық органдары монополияға қарсы органның аумақтық бөлімшелерімен бірлесіп отырып, жағдайға күшейтілген қадағалау жүргізеді және сауда қызметі мәселелері бойынша қолданыстағы заңнаманы бұзған жағдайда олар нарыққа қатысушыларға шұғыл ықпал ету шараларын қабылдайды.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің деректері бойынша бүгінгі таңда қолда бар қорлар 2025 жылғы ерте егін жинау науқанына дейін ішкі қажеттілікті толық жабу үшін жеткілікті. 19 қаңтардағы экспортқа фитосанитариялық

желілеріндегі қорларды есепке алмағанда 850 мың тоннадан асады (картоп өсірушілер қауымдастығы бойынша 600 мың тонна, тұрақтандыру қорларындағы 68 мың тонна, жеке қосалқы және шағын шаруашылықтардағы жертелерде 200 мың тоннадан астам).

Салыстырмалы анықтамаға үңілсек: 2024 жылы картоптың жалпы өнімі 2,9 млн тоннаны құрады (оның ішінде ерте өнім – 300 мың тонна). 2024 жылы импорт 56 мың тоннаны құрады. Нарыққа тарату үшін картоптың көлемі 2024 жылдың тамыз айынан бастап 2,6 млн тоннаны құрайды, халықтың жалпы қажеттілігі – 1,5 млн тонна (оның ішінде қалалық 954 мың тонна) ерте егін жинау науқанына дейін (қаңтар-сәуір). 2024 жылғы тамыздан желтоқсанға дейін – 844 мың тонна, экспортталғаны – 620 мың тонна (2024 жылғы қаңтардан желтоқсанға дейін). 2025 жылға арналған болжамды тұтыну көлемі (қаңтар-сәуір) – 675 мың тонна.



ҚАЛЫПТЫ ТІРШІЛІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ

Қаланың қалыпты тіршілігін қамтамасыз ететін маңызды коммуналдық құрылымдардың бүгінгі жағдайы туралы қала әкімі өз ойымен бөлісті.



«Елордада қосымша тіршілікті қамтамасыз ету нысандарының жұмысы бойынша жүйелі жұмыс жүргізіміз. Олар қалаға жылу, су, электр энергиясын және т. б. береді. Іске қосылған нысандар – «Тұран» және «Оңтүстік-

шығыс» газ жылыту станцияларының, 3-ЖЭО-ның бірінші кезегі арқасында қалада жылыту маусымы штаттық режимде өтіп жатыр. Бұл тіршілікті қамтамасыз ету нысандары қалаға 1100 Гкал/сағ-тан астам қуат берді.

Қаланы қосымша жылумен қамтамасыз ету үшін алдағы жылдары «Тельман» жаңа газ жылу станциясы салынып жатыр. Қазіргі уақытта іргетасы мен қадалардың бітелуі бойынша құрылыс-монтаж жұмысы жүргізіліп жатыр. Бұл жоба елордада тағы 80 мың тұрғынды тұрақты жылумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. «Тельман» ГЭС құрылысын 2026 жылы аяқтауды жоспарлап отырмыз.

Сол сияқты биыл құрылысы ұзаққа созылған 3-ЖЭО-ны аяқтауды жоспарлап отырмыз. Бұл нысанның бірінші кезегі 2023 жылдың күзінде аяқталып, пайдалануға берілген.

Сондай-ақ электр желілері бойынша жүйелі жұмыс жүргізіміз. Біз бірқатар қосалқы электр станциясының құрылысын жүргізіп жатырмыз. Мысалы, «Арай» қосалқы станциясы 96 пайызға дайын. Бұл жоба Астана қуаты 80 МВА болатын үздіксіз сапалы электрмен қамтамасыз етеді. Біз оны осы жылдың бірінші жартыжылдығында аяқтаймыз.

Сонымен қатар «Қазыбек» қосалқы станциясының құрылысын жүргізіп жатырмыз. Бұл жоба Теміржолшылар елді мекенін қуаты 80 МВА болатын сенімді әрі тоқтаусыз электрмен қамтамасыз етеді. Нысанды 2026 жылы аяқтау жоспарланып отыр.

Қалада өмір сүру сапасы ең алдымен тіршілікті қамтамасыз ету нысандарының жұмысына байланысты» деп жазды Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек Instagram парақшасында.

ӘКІМ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек азаматтарды қабылдау барысында көтерілген мәселелер туралы жазды.

«Азаматтарды қабылдадым. Тұрғындар негізінен баспана, әлеуметтік нысандар салу, медициналық және әлеуметтік көмек, абаттандыру және т. б. мәселелер бойынша жүгінеді.

2024 жылы рекордты көлемде мектептер салдық. Мысалы, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясының өзінде

жаңа форматтағы 24 мектептің 16-сын салдық. Қалған 8-ін биыл тапсырамыз. Сол сияқты өзге де мемлекеттік мектептер саламыз, оның ішінде оқу орындарының құрылысына жеке қаражат та тартамыз.

Тұрғын үй мәселесін бірнеше бағыт бойынша жүргізіп жатырмыз. Олар – кезекте тұрғандар үшін әлеу-

меттік пәтерлер салу, апатты және ескірген тұрғын үйлерді бұзу, көппәтерлі тұрғын үй кешендерін жөндеу.

Көктем мезгілі келген сәттен бастап аула мен қоғамдық кеңістіктерді абаттандыруға, көгалдандыруға, жолдарды жөндеуге және т. б. кірісеміз.

Азаматтарды қабылдау барысында көтерілген мәселелердің шешілу барысын бақылауда ұстаймыз» деп жазды ол өзінің Instagram парақшасында.

ОҚУШЫЛАР ОЛЖАЛЫ ОРАЛДЫ



Индира БЕРЖАНОВА

Республиканы халықаралық деңгейде даңққа бөлеп, өздерінің білімі мен талантының арқасында жеңіске жеткен оқушылардың қатарында Алдан Сәулебек, Кәрім Дүйсеков және

Тимур Цой бар. Дарынды оқушыларды құттықтаған Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен жылы лебізін де жеткізді.

«Оқушыларымыз әлемнің жүзден астам еліндегі қатарластарымен зияткерлік сайыста жарысып, еліміздің намысын абыроймен қорғай алды.

Бас қалада халықаралық «Copernicus» олимпиадасының жеңімпаздары марапатталды. АҚШ-тың Хьюстон қаласында өткен дүбірлі додада астаналық оқушылар жаратылыстану бағыты бойынша бақ сынап, олжалы оралған еді.

Осындай табысқа жету жолында сіздерге қолдау көрсеткен ата-аналарыңыз бен ұстаздарыңыздың да еңбегін ерекше атап өткім келеді. Балаларымыздың білім жолына бар күш-жігерін арнайтын ұстаздар мен ата-аналарға алғысымыз шексіз. Бұл жеңістеріңіз ғылым жолындағы алғашқы белестеріңіз болады деп сенемін» деді Е.Байкен.

Жеңімпаздардың қатарындағы Шейх Халифа бен Заид әл-Нахаян атындағы №84 мектеп-лицейдің 9-сынып оқушысы Алидан Сәулебек химия пәні бойынша бас жүлдені қанжығаға байлады. Quantum STEM мектебінің 4-сынып оқушысы, сайыстың ең кішкентай қатысушысы Кәрім Дүйсеков пен республикалық физика және математика мектебінің 9-сынып оқушысы Тимур Цой 1-орын иеленді. Кездесу барысында жас дарындылармен әңгімелесіп, бас қаланың намысын халықаралық деңгейде қорғай білген оқушыларға қала әкімінің арнайы алғыс хаты табысталды.

Өткен жылы «Жанұя» отбасы институтын қолдау орталығына 41 мыңнан астам азамат 44 мыңнан астам мәселе бойынша көмек сұрап келген.

ЖАН-ЖАҚТЫ ҚОЛДАУ КӨРСЕТТІ

Астана қаласы әкімдігінің «Жанұя» отбасы институтын қолдау орталығы өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасыларға жан-жақты қолдау көрсету үшін құрылған.

2024 жылы «Жанұяға» 44 мыңнан астам мәселе бойынша 41 мыңнан астам адам жүгінді, оның ішінде: заң көмегіне – 1243 өтініш; психологиялық көмек бойынша – 495 өтініш. 27653 өтініш – әлеуметтік қызметтер портының жұмысы мәселелеріне: 17208 өтініш қабылданды, 10445 адамға кеңес берілді.

Айта кетерлігі, 2051 отбасы қайырымдылық қорларымен бірлесіп, орталықтан азық-түлік себетін, гигиена құралдарын, тұрмыстық химия құралдарын алып, мәдени-ойын-сауық шараларына бару түрінде қайырымдылық көмек көрсетті.

Өмірлік қиын жағдайдағы отбасылар үшін 64 іс-шара өтті, олар – тұрмыстағы зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша іс-шаралар: мәдени-сауық іс-шаралары, семинарлар мен тренингтер, шеберлік сабақтары, құқықтық мәселелер бойынша ашық есік күндері, құқықтық сауаттылық және психологиялық көмек көрсету бойынша тікелей эфирлер.

«Жанұя» орталығына +7 (7172) 72-51-51 телефоны бойынша немесе zhanuya@otbasy-astana.kz электронды поштасы арқылы хабарласуға болады. Мекеме дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 9:00-18:00 (түскі ас 13:00-ден 14:00-ге дейін) аралығында жұмыс істейді. Мекенжайы: Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 14.




ЖОСЫҚСЫЗ ЖАРНАМАЛАР ЖОЙЫЛДЫ

Елорданың біртұтас сәулеттік-көркемдік келбетін қалпына келтіру жұмысын Астана қаласы әкімдігінің «Астана-Жарнама» мемлекеттік мекемесі орындайды. 2024 жылы елордада ғимараттардың қасбетінен 6700-ден астам жарнама элементі алынып тасталды.

Қазақстан Республикасының «Жарнама туралы», «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» және «Тіл туралы» заңдарының талаптарына сәйкестендіру бойынша қаланың көркін кетіріп тұрған жарнамаларды жою бойынша жұмыс жалғасуда. Осы ретте қаланың алты ауданы әкімдігінің қызметкерлері елорданың келбетіне сай келмейтін заңсыз жарнамаларды жою және кәсіп иелеріне түсіндіру бойынша тұрақты түрде іс-шаралар өткізіп тұрады. Кәсіпкерлерге тиісті түсіндірулер жүргізіліп, белгілерді өзгерту қажеттігі туралы буклеттер шығарылады.

2024 жылдың өзінде 1315-тен астам ғимарат пен құрылыстың қасбетіне визуалды тексеру жүргізілді. Мекеме қызметкерлері 7400-ден астам кәсіпкерлік субъектіні қабылдады, оларға ғимараттардың (құрылыстардың) қасбетін сәулеттік-көркемдік жобалау мәселелері бойынша қолданыстағы заңнама талаптары түсіндірілді.

Елорданың біртұтас сәулеттік-көркемдік келбетінің талаптарына сай келмейтін 6700-ден астам заңсыз орналастырылған сыртқы жарнама элементі мен маңдайшалар жойылды.



«Елді газбен қамтамасыз ету де – өзекті мәселе. Тауарлы газдың ресурстық базасын кеңейту – Үкіметтің және ұлттық газ компаниясының басты міндеті. Жаңа газ өңдеу зауыттарының құрылысын тездету және қолданыстағы зауыттардың қуатын барынша пайдалану қажет». Өз Жолдауында осылай деген Мемлекет басшысы елдегі Теңіз, Қашаған, Қарашығанақ сияқты мұнай-газ алпауыттары газды қолжетімді бағамен ұсынуға тиіс екенін, сондай-ақ жаңа газ кеніштерін барлау және игеру үшін инвестиция тарту аса маңызды екенін баса айтқан еді. Аталған мәселе былтыр Атырауда өткен Ұлттық құрылтайда да қозғалып, Президент Үкіметке газ тартылған елді мекендердің санын барынша арттыруға және 1700 шақырым газ желісін жаңғырту туралы тапсырма бергені де көпшілікке мәлім.

Ержан
ҚОЖАС

«КӨГІЛДІР ОТЫНДЫ» КӨРМЕГЕН ДЕ БАР

Энергетика министрлігі берген мәліметке сенсек, былтыр елімізде шикі газ өндірісі 59 млрд текше метрді құраған. 28,7 млрд текше метр тауарлық газ өндіріліп, оның ішінде 5,6 млрд текше метрі экспортталды.

Жалпы республикада газдандыру қарқыны қалай? Бұл сұраққа келсек, өңірлердің газбен қамтылуы әртүрлі екенін көреміз. Тіпті мүлде газ тұтынбайтын облыс орталықтары бар. Министрлік былтырғы қорытынды бойынша елдегі газдандыру деңгейі 61,5 пайыз болғанын айтады. Бұл – 12 млннан астам адам газ тұтынып отыр деген сөз. Оның ішінде газдандыру деңгейі 90 пайыздан асатын аймақтар да бар. Бұған Ақтау, Атырау, Батыс Қазақстан, Жамбыл облысы мен Шымкент, Алматы қаласы кіреді. Ал газдандыру деңгейі 40-80 пайыз болатын өңірлерге Алматы, Қызылорда, Түркістан, Жетісу және Қостанай облысы жатады. Ақмола, Қарағанды, Ұлытау, Қарағанды, Шығыс Қазақстан облысы мен Астана қаласының газдандыру деңгейі 20 пайыздан төмен. Мүлде газ тұтынбайтын өңірлерге Абай, Солтүстік Қазақстан, Павлодар облысы жатады.

Министрлік мәлімдегендей, Ұлттық құрылтай отырысындағы Мемлекет басшысының тапсырмасымен былтыр салада 200 жоба іске асқан. Соның арқасында 300 мыңнан астам адам «көгілдір отынға» қол жеткізген. Елде 1700 шақырымнан астам газ желісі салынып, газдандыру деңгейі 61,5 пайызға дейін өсті.

Ал биыл мемлекет тарапынан өңірлерде 45 жоба іске аспақ. Мұндай кең көлемді газдандыру жұмыстарына 65,9 млрд теңге қаржы қарастырылған. Барлық жоба іске асса, республикадағы газдандыру деңгейі 62 пайыз болып, тұтынушы саны 12,36 млн адамға дейін артады деп жоспарланған.

Жалпы министрлік бұған дейін республиканың солтүстік-шығыс өңірлерін газдандыруға қатысты екі нұсқа қарастырған еді. Біріншісі – Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарын газдандыру үшін «Сарыарқа» магистральдық газ құбырының (МГК) II-III кезеңдерін жүзеге асыру. Жоба құны – 188,5 млрд теңге. Алайда бұл жоба іске асу үшін «Бейнеу-Бозой-Шымкент» МГК II желісін салу қажет. Екіншісі – көрші Ресей арқылы газдандыру жобасы. Қазір Үкімет және «Газпром» ЖАҚ солтүстік-шығыс өңірлерін газдандыру бойынша келіссөздер жүргізіп жатыр. Шешім де Ресей компаниясымен газдың бағасын және тартылатын құбырдың маршрутын анықтағаннан кейін қабылданбақ.

ТҰТЫНУ КӨРСЕТКІШІ – 14,3 ПАЙЫЗ

Елдің бас қаласы – Астанаға да «көгілдір отынның» толық жетпегені анық. Иә, газды тұтыну көрсеткіші 14,3



КӨМІРДЕН ҚҰТЫЛУДЫҢ ҚАРЕКЕТІ

пайыз болатын елордаға газ әу бастан Сыр бойындағы газ магистральдан тартылды. Жобасы бес кезеңге бөлінген құбыр тарту құрылысы қарқынды болған. Бірақ ішкі жұмыстар қашан жаңданады?

Астана қаласы Энергетика басқармасының мәліметінше, елордадағы 6 жыл бұрын басталған газ тарату желілерінің құрылысы үш кезекке бөлінген. 2023 жылы екі кезектің құрылысы аяқталды. Нәтижесінде Сарыарқа (Көктал-1, Көктал-2, Агроқалашық және қаланың ескі бөлігіндегі Г.Потанин көшесінің ауданы), Алматы (Железнодорожный, Промышленный, Оңтүстік-шығыс ауданының оң мен сол қанаты, Күйгенжар, Мичурин, Интернациональный тұрғын алабы), сондай-ақ Ақбидай, Қазақауыл шағын ауданында, Есіл («Vela Village»), «Куршевель», «Family Town», «Family Park» тұрғын үй кешені және Нұра («Будапешт», «Cosmic City» тұрғын үй кешені) ауданы «көгілдір отынға» қосылды. Бұған қоса «Тұран», «Тельман», «Оңтүстік-шығыс» газ жылу станциялары мен Ильинка, Тельман, Пригородный, «Family Village», Өндіріс, Кирпичный тұрғын алаптарына газ жеткізу желілерінің құрылысы бітті.

«Үшінші кезек бойынша жұмыстар 2024-2026 жылдарға жоспарланған. Бұған қажетті қаражат республикалық және жергілікті бюджет есебінен және жеке инвестицияларды тарту арқылы қарастырылады. Жобалар аясында қала әкімдігі тарапынан былтыр үшінші автоматтандырылған газ тарату стансасы (АГРС-3) станциясының құрылысы басталды. Сондай-ақ екі жыл бұрын газ желісінің құрылысы басталған Шұбар тұрғын ала-

бындағы 890 үйге «көгілдір отын» кіргізіледі. Мұндағы басты мақсат – қаланы зиянды түтіннен толық арылту. Өздеріңізге белгілі, ең көп көмір түтіні қала орталығындағы осы тұрғын алабынан байқалып отыр. Бүгінде қажетті қаржы бөлінді, енді мемлекеттік сатып алу арқылы мердігер ұйымды анықтау шаралары жүріп жатыр. «Family Village» тұрғын алабында құрылыс-монтаждау жұмысы аяқталып, 8,7 шақырым газ желісі тартылса, Үркер тұрғын алабына былтыр пилоттық бағдарлама арқылы құрылыс жұмыстары инвестор шотынан жүргізіліп, 45 шақырым желі жүргізілді. Бұл – алдағы уақытта 1000-ға жуық тұтынушының газға қосылуына мүмкіндік туды деген сөз. Аталған ауданда абоненттердің жалпы саны – 4995. Жалпы жұмыстардың толық аяқталуы осы жылдың соңына дейін жоспарланып отыр» дейді Энергетика басқармасы газдандыру бөлімінің басшысы Рахымжан Алтынбек.

Оның сөзінше, әкімдік қаладағы қалған тұрғын алаптарды газдандыру бойынша жобалау жұмыстарын жүргізуде. Мысалы, Пригородный (15,1 мың адам, 150 үй), Өндіріс (39 мың адам, 2120 үй), Кирпичный (5 мың адам, 512 үй) және «Garden Village» (275 адам, 68 үй) алабы бойынша сараптаманың оң қорытындысын алу мамыр айының соңына дейін жоспарланыпты. Ал жобалар мақұлданып, қаржыландыру уақытылы жүрсе, бас шаһардың тұрғындары (газ тұтынуды қажет ететін 300 мың халық) көмір жағудан 2026 жылы толық құтылады деуге болады. «Бүгінде қалада 800 шақырым газбен жабдықтау желісі қызмет етіп тұр. Бұған қоса



Әкімдік қаладағы қалған тұрғын алаптарды газдандыру бойынша жобалау жұмыстарын жүргізуде. Мысалы, Пригородный (15,1 мың адам, 150 үй), Өндіріс (39 мың адам, 2120 үй), Кирпичный (5 мың адам, 512 үй) және «Garden Village» (275 адам, 68 үй) алабы бойынша сараптаманың оң қорытындысын алу мамыр айының соңына дейін жоспарланыпты. Ал жобалар мақұлданып, қаржыландыру уақытылы жүрсе, бас шаһардың тұрғындары (газ тұтынуды қажет ететін 300 мың халық) көмір жағудан 2026 жылы толық құтылады деуге болады

27 газ тарату мен 58 шкафтық газ тарату пункті, қуаты сағаттына 460 мың текше метрді құрайтын екі автоматтандырылған газ тарату стансасы жұмыс істейді. Сонымен қатар қаладағы барлық жылу электр станциялары газға қосылған. Елордада тұратын 216 мыңға жуық халыққа, яғни 14 абонентке газ қолжетімді болып отыр. Мұның ішінде нақты 11,1 абонент «көгілдір отынның» қызығын көріп отыр» дейді Рахымжан Алтынбек.

Айта кетейік, жеке тұлғалар тариф бойынша газдың әр текше метріне 39 теңге төлейді екен. Мұны шамамен есептесек, айына 100 шаршы метрге 17-20 мың, ал 120 шаршы метрге айына шамамен 20-25 мың теңге қаражат деген сөз.

ҚАУІПСІЗ АВТОКӨЛІК – СЕНІМ КЕПІЛІ

Соңғы жылдары автокөліктердің өртенуі ұлғайып келеді. Жанғыш материалдардың болуы, жанғыш ортаның пайда болуына қолайлы жағдай, сондай-ақ тұтану көздері – осы факторлардың барлығы автомобильдің өрт қаупін күшейтеді.

Кейде өрттің себебі тіпті ақаулы электр сымдары емес, жай ғана машина бөліктерінің жоғары температурасы болуы мүмкін. Жолаушылар салонында жанғыш материалдар да көп, олар: былғары, пластмасса, тоқыма және басқа да бұйымдар. Жүк бөлігіне келетін болсақ, мұнда өрт қауіпті жағдай әрлеу материалдарының, багаждың, тұтынылатын сұйықтықтары бар контейнерлердің, әртүрлі жылытқыштардың, жанармай бағының және т. б.

Автомобильдегі өрт қауіпсіздігі автомобильге өрт сөндіргіш және басқа да өртке қарсы құралдар орнатылған жағдайда қамтамасыз етіледі. Өрт сөндіргіш қолмен іске қосылады. Автомобильдің жүк көтергіштігі мен моделіне байланысты өрт сөндіргіштердің әртүрлі түрлерін пайдалану ұсынылады. Соған қоса автомобильдегі өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін

қозғалтқышты ғана емес, сондай-ақ автомобильдің электр бөлігін уақытылы техникалық байқаудан өткізіңіз, егер автокөлік газ отынында болса, жабдықтау уақытылы қызмет көрсетіңіз. Автомобильді жылыту үшін ашық отты қолдануға, аккумуляторы тікелей көлік құралында оқтауға, отын бактарының мойны ашық көлік

құралдарын қалдыруға болмайтынын ескеріңіз.

Егер автомобиль жанып кетсе, онда алдымен автомобильді тоқтатыңыз және қозғалтқышты сөндіріңіз. Машинаны тежегішке қойыңыз және дөңгелектерді бұғаттаңыз (тұрақсыз жағдай оқиғаны ушықтыруы мүмкін). Содан соң сигналдарды жолға қойыңыз. Машинадан құжаттарды алыңыз.

Өрт көзіне өрт сөндіргішті себіңіз. Жолаушыларды түсіріңіз (естеріңізде болсын, жанған көлікте 90 секундтан артық болуға болмайды) және жедел түрде «101» қызметіне хабарласыңыз.

Автомобиль жанған жағдайда көмек (медициналық және техникалық), өрт сөндірушілерді, полицияны шақырыңыз. Бензиннің ағып кетпеуін қадағалаңыз, темекі немесе тіпті үйкеліс тудыратын кішкентай тас өртке себеп болуы мүмкін.

Егер өрт бензин қоймасы орналасқан машинаның артық жағын қамтыса, онда жасайтын жалғыз нәрсе – машинадан тез арада алыстап кету.

Дария БАЙЗУЛОВА,
Астана қаласы ТЖД
Алматы ауданы Төтенше
жағдайлар басқармасының бас маманы,
азаматтық қорғау аға лейтенанты

КЕМІРГІШТЕР КӨБЕЙЕДІ

Биылғы көктемде елордада егеуқұйрықтардың қаптауы мүмкін. Туляремия, иерсиниоз, листериоз, лептоспироз, құтырма, өкпе обасы сияқты әртүрлі аса қауіпті жұқпалы ауруларды тасымалдайтын кеміргіштер туралы Астана қаласы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Жанна Пралиева пікір білдірді.

– 2024 жылғы су тасқыны, жауынды жаз, қыс мезгілінің жылы болуы кеміргіштердің көбеюіне қолайлы болып тұр. Олар ылғалды ортада, азық мол болса, тез жетіледі. Кейбір түрлері жыл бойы көбейе береді, жылына 10 рет балайды. Тышқандар далалы жерде 25-40 см тереңдіктегі індерде, ал қалалы жерде қараусыз қалған үй-жайларды, ескі құрылыс алаңдарын мекендейді, – деді ведомство өкілі.

Сондай-ақ Жанна Пралиева астаналықтар тарапынан шағым түсіп жатқанын айтты.

– Дератизациялау шараларының аяқталғанына қарамастан, елорда тұрғындарының кеміргіштерге қатысты шағымы азаймай отыр. Осыған байланысты Ұлттық сараптама орталығының «Аса қауіпті инфекциялар зертханасымен» бірге жүргізілген мәліметтерді талдай отырып және қолайлы гидроклиматтық жағдайларды ескере отырып, 2025 жылы көктемде кеміргіштер санының айтарлықтай өсуі мүмкін деп болжаймыз, – деді ол.

Айтуынша, Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы «Аса қауіпті инфекциялар зертханасымен» бірлесіп, ақпан-қараша айларында егеуқұйрықтарды аулап, сынамалар алған.

– Былтырғы сынамалардың хаттамасы ауланған кеміргіштерден аса қауіпті инфекцияларға теріс нәтиже берді. Астана қаласында тышқан мен егеуқұйрықтың су тоқалтисі, сұр тоқалтисі, орман зертханасының сияқты түрлері жиі кездеседі. Сонымен қатар сұр және қара егеуқұйрықтар бар. Кеміргіштердің саны туралы зертханаға ауланған буаз аналықтардың ішіндегі эмбриондар санына қарап ықтимал болжам жасаймыз. Қазіргі таңда ауланған тышқандарда 7-9 дағана дейін эмбриондар бары анықталды, – деді Жанна Пралиева.

– Бұл сұхбат өткен жылға қорытындылап, атқарылған жұмыстарға өз бағасын беріп, алдағы кезеңдегі басымдықтарды айқындап берді. Сарапшы маман ретінде өткен күн мен бүгінгінің арасын қалай таразылайсыз?

– Президент 2024 жыл еліміздің бес жылдық дамуының негізін қалағанын атап өтті. Сұхбаттың негізгі тақырыбы – дағдарыс жағдайларда табысты болудың кілтін табуға болатынын, ол үшін батыл әрекет етіп, іскерлік, ізденімпаздық таныту маңызды екенін дәйектеді. Қ.Тоқаев «күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасына адалдығын растады.

2024 жылдың желтоқсан айында біз еліміздің Тәуелсіздігінің 33 жылдығын атап өттік. 1991 жылдан бастап Қазақстан түрлі салада жетістіктерге жетіп, халықаралық деңгейде мойындалды. 1992 жылы Қазақстан БҰҰ-ның толыққанды мүшесі болды, ядролық арсеналдан өз еркімен бас тартты, 1991 жылы Семей полигонын жапты.

Мұнай-газ секторының дамуы мен шетелдік инвестицияның тартылуының арқасында, өсіре 2000-жылдары еліміздің ішкі жалпы өнімі айтарлықтай өсті. Әлеуметтік салада өмір сүру деңгейін салыстырмалы түрде жақсартуға және білім беру мен денсаулық сақтау жүйесінде реформаларды жүргізуге мүмкіндік берген бағдарламалар іске асырылды. Сонымен қатар, біздің экономика әлі де шикізат экспортына тәуелді болып қала береді, бұл оны сыртқы факторларға осал етеді. Қала мен ауыл тұрғындарының, сондай-ақ әртүрлі аймақтың өмір сүру деңгейінде айтарлықтай алшақтық бар.

Бүгінгі күні жүйелі проблемаларға, бір жағынан, елдің тиімді дамуына кедергі келтіретін сыбайлас жемқорлық әрекеті бар. Екінші жағынан, еңбек өнімділігі мен инновациялық белсенділіктің төмендігі, инновация мен технологияның жеткіліксіз енгізілуі экономиканың өсуіне кедергі келтіреді. Басқару ісіне мемлекеттік көзқараспен қарайтын, халықты ортақ іске ұйыстыра алатын менеджерлерге сұраныс артып келеді.

– Қ.Тоқаев «күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасына адалдығын көрсетіп келеді дедіңіз. Мұны қалай түсіндіресіз?

– Расында, Парламент ықпалды құрылымға айналды. Мәжіліске де, Сенатқа да барған министрлер үлкен дайындықпен келетіні көрініп тұрады. Парламентте өтетін Үкімет сағатында жігі бақылаймын. Ондағы талқылау кезінде өткір мәселе көтеріледі. Депутаттар халықтың өкілі десек, Парламентке Премьер-министрі өткен жылы екі



ҰЛТТЫҚ ЖОБАЛАР НАУҚАНШЫЛДЫҚПЕН ІСКЕ АСПАЙДЫ

Мемлекет басшысы
Қасым-Жомарт Тоқаевтың
«Ана тілі» газетіне берген
сұхбатынан туындаған мәселелерді
Парламент Сенаты жанындағы
Сенаторлар кеңесінің мүшесі,
қоғам қайраткері
Еділ МАМЫТБЕКОВПЕН
бірге талқыладық.

рет атқарып жатқан жұмыстары туралы есеп берді.

– Мінә, ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет деген – осы!
– **Теңгенің тұрақтылығы ел тұрғындарының тұрмыстық жағдайына әсер ететіні белгілі. Президент бұған да арнайы тоқталды. Теңгенің құнсыздануына қандай фактор әсер етуде?**

– Дұрыс айтасыз, қазір теңгенің құнсыздануы Қазақстан экономикасы мен халықтың өмір сүру деңгейіне айтарлықтай әсер етуде. Мұнайдың әлемдік бағасының төмендеуі экспорттық түсімдердің азаюына алып келеді, бұл ұлттық валютаны да әлсіретеді. Сонымен қатар, өңдеу өнеркәсібі үшін қандай шаралар мен іс-шаралар жоспарын қабылдау және әзірлеу қажет екені түсініксіз, өйткені оларсыз салаға қажетті параметрге қол жеткізу қиын.

Сауда серіктестері арасында экономикалық дағдарыстар бар. Ресей мен Қытай сияқты серіктес елдердегі экономикалық қиындықтар теңге бағамына әсер етуі мүмкін. Мәселен, рубль мен юаньның әлсіреуі теңгеге қысым жасап, оны құнсыздануға мәжбүр етеді.

Энергия бағасының өсуі байқалады. 2024 жылдың қарашасында электр қуатының бағасы 21,7 пайызға өсті. Мамандардың пікірінше, бұл инфляцияға 0,5 пайыз деңгейінде ықпал етті. 2024 жылы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бағасының 13,9 пайызға өсуі инфляцияны тағы 1,8 пайыз қосты.

Ресей мен Украина арасындағы соғыс, сондай-ақ Ресейге салынған санкция Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық

дамуына айтарлықтай әсер етті. Шыны керек, санкциялар сауданы қиындатып, Қазақстан мен Ресей арасындағы экспорт пен импорттың төмендеуіне әкелді. Бұл энергетика және металлургия сияқты стратегиялық маңызды салаларға ерекше әсер етті. Ресей арқылы жүк тасымалдауға қойылған шектеулер жеткізілімде үзіліс туғызып, тауарлардың кешігуіне және легімен біздің елге ағылуда. Қазақстандағы инфляцияның өсуіне, халықтың сатып алу қабілетінің төмендеуіне санкциялардан туындаған импорттық тауарлар мен қызметтердің бағасының өсуі де ықпал етті.

Еліміздегі әлеуметтік салада қиындықтар жоқ емес. Ресей Үкіметі әскери жұмылдыру жарияланған сайын ресейліктер лек-легімен біздің елге ағылуда. Бұл әлеуметтік инфрақұрылым мен еңбек нарығына қосымша қысым жасайды. Экономикалық қиындықтар мен негізгі тауарлар мен қызметтер бағасының өсуі халық арасында әлеуметтік наразылықты тудырады.

– **Президенттің бастамасымен елдің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін көтеретін жобалар қабылдануда. Бұған қандай баға бересіз?**

– Ел тұрғындарының тұрмыстық деңгейін жақсартуға арналған Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобасы, Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері ұлттық жобасы, қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған орнықты экономикалық өсу ұлттық жобасы сынды кешенді бағдармалар бар.

Бұл жобаларды үйлестіріп, сапалы атқаруға Үкімет және

облыс әкімдері тікелей жауапты. Бірақ ұлттық жобаларды өміршең етуде науқаншылық сипаттан арылып, тек статистика үшін жұмыс істеуді тоқтату керек. Бұл туралы Президент Үкіметке қатаң ескертті. Мұның нақты нәтижесін бірнеше жылда көруіміз тиіс.

Біз кешегі күндердің кемшілігін дұрыс танып, қорытынды жасап, жарқын келешек үшін аянбай еңбек етуіміз тиіс. Сондықтан «өткеніміз – өнеге, күткеніміз – келешек» деп алға сеніммен қараймыз.

– **Бұған дейінгі Индустриялық-инновациялық дамытудың 2020-2025 жылға арналған мемлекеттік бағдарламасы нәтижелі болады. Біз өткеннен қандай сабақ алуымыз керек?**

– Біздің ойымызша, алдағы мақсаттарды іске асыруда мынаны басшылыққа алу керек.

Біріншісі, экономиканы әртараптандыруда «құрғақ статистика» иек артқан дұрыс емес. Әртараптандырудың ресурстық мүмкіндігін кеңірек және тереңірек түсінуіміз маңызды. Әсіресе, IT, креативті индустрия, аграрлық секторды дамытуда тың серпін беретін тетікті табуымыз тиіс.

Екіншісі, бизнесті қағаз жүзінде ғана емес, нақты қолдау шарасын қабылдау керек. Мәселен, жыл сайын мыңдаған адамға қайтарымсыз гранттар берілуде. Бұл қаржыға бизнесті бастап, дамытып кету мүмкін бе? Бұл сұраққа жауап беру қиын. Сондықтан кәсіпкерлікпен айналысуға ниетті адамдарды нақты қолдау шарасын қабылдайтын кез келді. Бастысы, бизнеске бағытталған қаржыны мақсатты жұмсау тетігін қалыптастыру

керек. Болмаса, мемлекеттің қаржысы ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетеді.

Әлеуметтік әділеттілік сабағын да есте ұстаған жөн. Ол әлеуметтік саясатты жетілдіруді, халықтың аз қамтылған бөлігіне атаулы көмек көрсетуді, сондай-ақ білім мен денсаулық сақтау салаларына инвестиция тартуды көздейді. Сабақ орнықты даму үшін мемлекет қоғамның барлық топтарының мүдделерін ескеріп, адами капитал факторын белсендіру негізінде олардың экономикалық өмірге қатысуын қамтамасыз етуі керек.

Әрине, заң үстемдігін қамтамасыз етпей, сыбайлас жемқорлықпен күреспей экономикалық өсуге қол жеткізу мүмкін емес. Заң шығару саласындағы реформалар және әділ процессуалдық процесті құру инвестиция тарту мен бизнесті дамытуға жағдай жасайды.

Облыстардың ерекшелігіне бейімделген өңірлік бағдарламалар негізінде халықты жұмыспен қамтуды арттыру және аймақтарды теңгерімді дамыту маңызды аспект болып табылады. Тұрмыстық жағдайлар мен коммуникация желілерін жақсарту экономиканың дамуына және халықтың өмір сүру жағдайының сақталуына ықпал етеді. Бүгінгі таңда, өкінішке қарай, негізгі ұзақ мерзімді мақсатқа – экономикалық және әлеуметтік көрсеткіштер бойынша Қазақстан өңірлерін теңестіруге қол жеткізілген жоқ. Өңірлерде сапалы жұмыс жүргізілмей, еліміздің экономикалық дамуын

қамтамасыз ету мүмкін емес.

– **Президент сұхбатында цифрландыруға ерекше маңыз берді. Бұл саласының маңызы неде?**

– Қазақстан үшін цифрландыру өте маңызды. Экономиканың әртүрлі саласына заманауи технологияны енгізіп, бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін қажет. Осы бағытта «Цифрлық Жібек жолын іске асыру», «Адами капиталды дамыту», «Инновациялық экожүйені құру» сияқты жобалар бар. Мұндағы басты мақсат – цифрландыру арқылы экономикалық дамуын жеделдету және цифрлы технологиялар есебінен халықтың өмірін жақсарту.

Цифрлы экономика – бұл сандық ақпараттық-коммуникациялық технологияны пайдалануға негізделген экономикалық, әлеуметтік және мәдени қатынастар жүйесі.

Бүгінгі күні цифрлы экономиканың қажеттілігі және оған деген сұраныс артауда. Мәселен, әлемдік электрондық коммерцияның көлемін алатын болсақ, 2013 жылы 1,3 миллиард доллар болса, 2023 жылы 5,7 миллиард долларға жетті. Ал 2027 жылы 8 миллиард доллардан асады деген болжам бар.

Бүгінде Үкіметте электронды сауданы дамытуға байланысты жиындар жиі өте бастады.

Бұл – цифрлы экономиканың бір ғана аспектісі.

– **Қазір әлемде геосаяси және геоэкономикалық жағдай тұрақсыз. Өтпелі кезеңде сыртқы қауіптер мен ішкі тәуекелдерден қорғану маңызды. Мұндай жағдайда қандай стратегияны таңдаймыз?**

– Біріншісі – бүкіл вертикальды басқару иерархиясы бойынша мемлекеттік басқарудың әлеуеті мен сапасын күшейту, сондай-ақ қабылданған шешімдерге жауапкершілікті арттыру керек.

Екіншісі – ғылыми қоғамдастықты, сондай-ақ мемлекеттік басқару жүйесіне сарапшылық деңгейде де, нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу сатысында да тәжірибелі мемлекеттік мамандарды тарту арқылы қабылданған шешімдердің негізділік дәрежесін арттыру қажет.

Осындай маңызды қадамдарға бармай, 2029 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарында белгіленген жалпы ішкі өнімнің жыл сайынғы өсімін 5 пайызға дейін жеткізу, шикізаттық емес экспортты 45 пайызға дейін арттыру, өндірісті қысқарту сияқты сандық көрсеткіштерге қол жеткізе алмаймыз.

2029 жылға қарай ЖІӨ өсімін екі есе арттыруға қол жеткізу және тиімді басқару және дұрыс экономикалық саясат құру болып табылады.

– **Сұхбатыңызға рахмет!**

Сұхбаттасқан Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

ЕҢ ТӨМЕНГІ ЖАЛАҚЫНЫҢ МӨЛШЕРІН КӨТЕРУ КЕРЕК

Үкіметтің жасап жатқан шараларына қарамастан халқымыздың әл-ауқаты артпай тұр. Ұлттық статистика бюросының мәліметтеріне сүйенсек, жан басына шаққандағы кіріс 112 мың теңге болып отыр. Оның 98 мың теңгесі тек қана азық-түлік, киім-кешек, коммуналдық қызметті төлеуге кетеді.

Мысалы, Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша, күршітін бағасы 31,3 пайызға, жұмыртқа 16,9 пайызға, сары май мен сүт өнімдерінің бағасы 12 пайызға өскен. Картоп пен ірімшік өнімдерінің бағасы бір жылдың ішінде 35 пайызға өскен. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылыққа келсек, коммуналдық қызметтер орташа алғанда 25 пайызға қымбаттаған.


Мұндай жағдай азаматтардың шығынын арттырып, кірістерін төмендетеді береді. Еліміздегі ең төменгі жалақы 85 мың теңгеден көтерілген жоқ. Бұл 1,8 млн адамның тұрмыс деңгейіне қатысты. Ең төменгі жалақыны көтеру – Үкіметтің басты міндеті.

Жұмыссыздықтан сақтандыру сомасын арттыру арқылы ең төмен жалақы алатын адамдардың сақтандыру жүйесін жетілдіру

керек. Әкімдер өңірлік ауыл шаруашылық өнімдерін жергілікті нарыққа қажетті мөлшерде жеткізілуін қамтамасыз етуі қажет. Ауыл шаруашылық өнімдеріне берілетін мемлекеттік төлемдерді уақытылы әрі қажетті сомада толық төлеуін қамтамасыз ету маңызды, – деді депутат.

Ерлан САИРОВ,
Мәжіліс депутаты





Сұлтан СЕЙІТ

Ержан
ҚОЖАСТАПСЫРЫС БОЛСА
БӘРІ ДАЯР

Аталған кәсіпорын 2015 жылдың желтоқсанында «Бизнесің жол қартасы-2020» мемлекеттік бағдарламасы негізінде құрылған. Сол уақытта Индустриялық паркте жер телімін алған серіктестіктің басты ғимараты 7 мың шаршы метрді алып жатыр. Мұның ішінде өндірістік, қызметтік және әкімшілік бөлімдері орналасқан. Одан бөлек, ғимарат сыртында қызметкерлерге арналған жатақхана мен шикізат пен дайын бұйымдарға арналған қоймалар бар.

Өндіріс ішін аралағанымызда мұндағы басшылық алдымен өз өнімдерін таныстырды. Мемлекеттік сатып алу арқылы тіккен бұйымдарын нарыққа шығаратын кәсіпорында барлығы болмаса да біршама салаға қажетті киім түрлері өндіріледі екен.

«Кеңсеге арналған классикалық үлгімен қатар, өндірістегі басшылық құрамның және жұмысшылардың жұмыс киімін тігеміз. Сондай-ақ төтенше жағдай қызметкерлері, әскери, күзет, жол полициясы, қаржылық мониторинг агенттігінің кеңселік киімі, шахтер, мұнай-газ бен теміржол саласындағы жолсерік азаматтардың және дәнекерлеушілерге арналған арнайы топтамаларымыз бар. Бұлардың кейбірінде жаздық және қыстық үлгідегі нұсқасы қатар дайындалады. Одан бөлек, спорттық киімдер де тапсырыспен тігіледі» компаниядағы өндіріс бөлімінің басшысы Дінайша Бектібаева.

Бүгінде компания тауарларын елдегі әр саладан бөлек, көрші Ресейдің теміржол саласындағы мамандар да тұтынып келеді.

ТІГІНШІ
ТАПШЫЛЫҒЫ БАР

Компания өкілдерінің айтуынша, Астана қаласы бойынша кадр тапшылығы бар. Сондықтан көп тігін жабдығының операторларын, яғни тігіншілерді өзге өңірлерден шақырады. Жоғарыда айтқандай, 100 орындық жатақхана да сол үшін салынған.

«Бізде 250 адам жұмыс істесе, соның 200-ге жуығы – тігіншілер. Бұл бір ауысымдағы қызметкерлер ғана. Егер тапсырыс ұлғайып жатса, екі ауысымға көшуге мүмкіншілігіміз жеткілікті. Ол кезде тағы да маман іздеуге тура келеді. Екіншіден, біз тендер арқылы жұмыс істеп келеміз. Сондай-ақ «Қазақстан теміржолы» компаниясымен төртінші жыл қатарынан бірлесе жұмыс істеп, олар біз тіккен арнайы

САЛАҒА АРНАЛҒАН
САН АЛУАН ӨНІМ

Тек тігін өндірісімен айналысатын «ASTANA Ютария LTD» серіктестігі Астана қаласы маңындағы №1 Индустриялық паркте орналасқан. Аумағы 2 гектар жерді алып жатқан компания көбіне-көп арнайы қызмет түрлеріне арналған киім тігеді. Жоба құны 2,2 млрд теңге болатын тігін компаниясы бір жылда әр мамандыққа арналған 200 мың дана киім өндіруге қауқарлы.



киімді тұтынып келеді. Биыл да осы компанияның конкурсына қатысып жатырмыз. Жалпы ұлттық компаниялар жариялаған тендердің барлығынан қалмаймыз. Талаптарда көрсетілгендей, өз киім үлгілерімізді көрсетіп, коммерциялық ұсыныстарымызды қоса жолдаймыз. Олар конкурс өтетін күнді белгілеген соң тәуелсіз сарапшылар біздің кәсіпорынның өнімін жіті қарай отырып бағалайды. Кемшіліктер табылса, оны жөндеуге де мүмкіншілік береді. Одан соң бағаға қатысты егжей-тегжейлі

жұмыстар да қатар жүреді. Осылайша барлық талап-тілекке сай біз тіккен өнім үлгісі жеңіске жетсе, тапсырысты орындаушы ретінде арнайы киімді топтап дайындауға көшеміз. Кейде өте төмен баға ұсынған өзге кәсіпорындар конкурстан жеңіп кетіп жатады. Ал біз өз өніміміздің тігілуі, матасының сапасына сенімді болған соң конкурстағы бағаман келіспей қалып жатамыз» дейді бас директордың технология және әзірлеме жөніндегі орынбасары Гүлнар Игембаева.



Оның айтуынша, кейбір шикізат, яғни мата түрлері көршілес Ресейден келеді. Ал кейбір тапсырыс беруші құзырлы орындар матаға қатысты өз ұсыныстарын айтып, сол бойынша арнайы киім тігіледі. Жалпы біздегі көп өндірістің дайындау жабдықтарының барлығы шетелдік екені белгілі. Мұнда да сондай. Көрші Қытай елінен келген тігін машиналарынан бөлек, жапон, түрік және неміс технологиясымен дайындалған құрылғылар жұмыс істеп тұр.



«Индустриялық парк – өз өнімдерін шығаруға, тұрақты жұмыс орындарын ашуға, қаланың дамуына жеке инвестициялар тартуға мүмкіндік беретін елорданың басты өндірістік алаңы. №1 Индустриялық парктің өнеркәсіптік нысандарының инвестициялық портфелі шамамен 317 млрд теңге инвестиция сомасына 121 жобаны қамтиды. Оның ішінде 70 жоба толыққанды жұмыс істеп, 5700-ден астам жұмыс орны ашылды



«Жалпы орташа айлық 250-300 мың теңгеден асады. Бұл жерде ескеретін нәрсе бар. Ол кәсібі тігіншілердің еңбек өтілі мен санатына байланысты. Соған орай көлемі де артып отырады. Екіншіден, жұмыс жоспарын уақытылы орындау да жалақыға әсер етеді. Тағы айтатын нәрсе, компания басшылығы әр тоқсан сайын қызметкерлерді ынталандыру үшін сыйақы беріп тұрады. 100 орындық жатақхана барын айттық. Қала ішінен келіп және қайтуға автобустар қойылған. Сонымен қатар, қызметкерлерге кешенді түскі ас және түстен кейінгі кіші ас, яғни подник тегін беріледі» дейді Г.Игембаева.

Таңы сегізден кешкі беске дейін жұмыс істейтін кәсіпорынның басты мақсаты – отандық өнім үлесін арттыру болып отыр. Сондай-ақ басшылық ел ішінен шығатын өнімге тапсырыс беру мүмкіндігіне мемлекет әлі де қолдау көрсетсе деген тілегін де жасырмады.

«ҚҰРБЫЛАРЫМ
КӨПТЕП КЕЛСЕ...»

Компаниядағы тігін цехының шебері Нұрай Жанпейіс осылай дейді. Шымкент қаласының тумасы бұл кәсіпорынға 2019 жылы жұмысқа орналасқан. Сол уақыттан бері компания басшылығының қолдауымен барлық салада тәжірибе жинақтапты.

«Осыдан бес жыл бұрын елордаға келіп, осы компанияға жұмысқа орналастым. Әу бастағы мамандығым – тігінші. Шымкенттегі №3 жеңіл өнеркәсіптік колледжінде білім алдым. Бір жақсысы, мұнда өз қабілет-қарымыңды көрсете білсең, басшылықтың да қолдауы көп. Тігіншіліктен бөлек, осында дизайнер мамандығын меңгердім. Жалпы компаниядағы ерекшелік – жассыз ба немесе үлкен адамсыз ба, оған қарамайды. Жұмысты ілгерілеті білсеңіз болғаны. Өз басым тігіншіліктен соң 70 адамға дейінгі арнайы тігін бригадасына жетекшілік еттім. Ал қазір кәсіпорынның №1 цехының шеберімін. Сондықтан жеңіл өнеркәсіпке қызығатын барлық қатарластарымды осы салаға көптеп келсе деймін» дейді 23 жасар бойжеткен.

Нұрайдың айтуынша, биылғы жарияланған «Жұмысшы мамандықтары жылы» еңбек адамдарына үлкен қолдау берері сөзсіз. Арнаулы жылда жеңіл өнеркәсіп саласы ғана емес, ауыр жұмыс орнында жүрген азаматтардың да көп мәселесі шешілер деген үмітте.

Мақала барысында айтқандай, техникалық немесе жеңіл өнеркәсіп саласындағы арнайы оқыту орнының «тігінші» мамандығында оқитын немесе бітіруші студенттері мұнда жиі аялдамайтын көрінеді. Ол көбіне-көп өзге салаға ауысып, мамандықты да жиі ауыстырып жатады. Яғни тігін тігуді ауыр еңбек санайтындар бар. Сондықтан мұнда қазір Түркістан облысының «тігінші» мамандығында оқитын жастары тәжірибеден өтіп, артында жұмысқа қабылданып жатқан көрінеді. Тіпті оларға іс-тәжірибе кезінде жалақы да төленген. Мұндай жақсы үрдіс әлі жалғасып жатыр. Осылайша, «ASTANA Ютария LTD» компаниясы тәжірибесі жоқ мамандық өздері үйретіп, нағыз өз ісінің маманы етуге күш салып отырғанын айта кеткен жөн.

ЖЕКЕМЕНШІК ҚАРТТАР ҮЙІНЕ КӨМЕК КЕРЕК

«Қарты бар үйдің қазынасы бар» деген халық едік. Ал қазір қазына іздеп жүрген адамдар пенделіктен пейіліне перде тартып алды да, қазынаны табу үшін бірінші қартты бағу керек екенін естен шығарғандай. Дейтұрғанмен, қоғамда қарттарды қараусыз қалдыруға қарсылардың да саны басым.



Сондықтан да шығар, қазір түрлі деңгейдегі жекеменшік Қарттар үйінің қатары күн санап артып келеді. Соның бірі – Астана қаласындағы 2021 жылы ашылған «Мирас» қарттар мен мүгедектерге арналған орталық. Негізінде мұндай орталықтардың атын естігенде «Ол не сұмдық?» деп үрке қарап шыға келетіндер де жетіп асады. Алайда шын мәнінде қарттар үйі ол қорқынышты және соншалықты жиркенішті орын емес. Қарттар үйі – бұл қоғамның әлеуметтік институты, онда қарт адамдар өз өмірінің соңғы кезеңін тыныш, қамқорлықпен өткізе алады. Әрбір қоғамның дамуымен бірге қарттарға деген көзқарас та өзгеріп отырады. Қазіргі таңда қарттар үйі көптеген елдерде маңызды әлеуметтік қызмет атқарады, алайда ол әлі де кейбір адамдар үшін қайшылық тудыратын тақырып болып са-



Қазір бұл орталықта жасы 80-90 шамасындағы 50-60 адам бар. Оларға бес мезгіл ас беріледі және мереке-мейрамдарда жоғары оқу орындарының студенттері келіп концерт қойып тұрады. Алайда орталықтың иесі белгілі дәреже қиындықта жоқ емес екендігін айтады

налады. Сондықтан да біз қарттарымыздың құндылығы мен олардың қоғамдағы орны туралы ойланғанда, біз осы мекемелердің маңызы мен қажеттілігін, сондай-ақ олардың қызмет көрсету сапасы мен әлеуметтік жауапкершілігі жайлы көбірек айтуымыз керек.

– Иә, біз баста бұл орталықты небәрі 4-5 адаммен ғана ашып бастап едік. Бүгінде үлкен мекемеге айналып келеміз. Мұның бірден бір себебі: қазіргі таңда жас отбасылар болсын, болмаса егде шаңырақ иелері болсын бәрі де өз жандары үшін тыныштық іздейді. Енді бір жағынан, қазіргі балалардың бәрі де жұмыстан қолы босамайды. Міне, осындай жағдайда қарттарға қарайтын оларда мұрша болмайды. Ал қарттар үйде жалғыз отырғаннан зерігеді. Және өздеріне күтім жасай алмайды. Сондықтан осындай

мекемелерде қарттар медициналық көмек, арнайы күтім, емдеу және реабилитациялық қызметтер беріледі, – дейді «Мирас» қарттар мен мүгедектерге арналған орталығының басшысы Аманжол Қасымқызы.

Қазір бұл орталықта жасы 80-90 шамасындағы 50-60 адам бар. Оларға бес мезгіл ас беріледі және мереке-мейрамдарда жоғары оқу орындарының студенттері келіп концерт қойып тұрады. Алайда орталықтың иесі белгілі дәреже қиындықта жоқ емес екендігін айтады.

– Әрине, топ адамды бағу оңай емес. Біздің орталықтың ең үлкен қиыншылығы – тұрғын үй мәселесінің шешімін таппауы. Біз құрылған күннен бері бес-алты рет орын ауыстырып, көшіп-қондық. Ал көп адаммен көшіп жүрудің өзінің қаншалықты қиыншылық екендігін ойлай беріңіз. Ал мұншалықты күйге түсудің бір себебі – тұрғын үйлердің жалдау құнының өте жоғары болуы. Сондықтан біз үкіметтен тұрғын үй бойынша көмек сұранамыз, – дейді А.Қасымқызы.

Ал орталықтың қызметіне жүгінген қарттар болса «Кейбір жағдайларда, қарт адамдардың күтімі өзінің отбасы мүшелері үшін ауыр жүктемеге айналуы мүмкін. Сол үшін Қарттар үйі отбасыларға мұндай ауыртпалықты бөлісуге мүмкіндік береді және қарттардың күтімін кәсіби мамандарға тапсыруға жағдай жасайды» деп отыр.

Жалпы айтқанда, қазіргі қазақ қоғамына қарт та Қарттар үйі де керек болып тұрғаны гоі. Қалай десек те, әрбір адам өмірінің белгілі бір кезеңінде қартаю процесіне бет бұрады, сондықтан қарттардың жағдайы мен құқықтары қоғамның назарында болуы тиіс.

Қаршыға ҒАЛАМБЕКОВ

АЙТПАЙЫН-АҚ ДЕП ЕДІМ...

ҚЫМБАТҚА АЛСА БӘРІН САТАМЫЗ БА?

Соңғы күндері Астанада картоптың бағасы 430 теңгеге жетті. Бұл – картоп бағасындағы 2021 жылдан кейінгі рекордтық көрсеткіш.

Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ

Үкімет бағаның өсуіне бастысы, экспорттың артуы мен өндірушілердің бағаны көтеруі себеп болды деп түсіндірді. Атап айтқанда, Өзбекстан тарапынан қазақстандық картопқа сұраныс жоғарылап, экспорт көлемі 1,5 есеге өскендіктен (411 мың тоннадан 605 мың тоннаға дейін), ішкі нарықтағы баға бірден аспандап кеткен. Сондай-ақ өндірушілердің картоптың көтерме бағасын 170 теңгеден 270 теңгеге дейін жоғарылатуы да ішкі нарықтағы бағаның қымбаттауына мұрындық болды. Осы факторларды ескере отырып, Қазақстан Үкіметі 2025 жылғы 18 қаңтарда картопты үшінші елдерге экспорттауды 6 ай мерзімге шектеу (бұл шектеу ЕАЭО елдеріне қолданылмайды) туралы шешім қабылдады. Үкіметтің бұл шектеуі нағыз «жау кеткен соң қылышыңды боққа шап» пен бірдей болды. Өйткені елдегі картоп азайып, нарықта тапшылық туылғанда барып, жоғарыдағыдай шешім шығару «қолыңды мезгілінен кеш сермеу» екені айтпаса да түсінікті.

Қазақстанда картоп

тапшылығы бірінші рет болып отырған жоқ. 2021 жылы Қазақстан өз картобын басқа елдерге арзанға сатып, кейін елде тапшылық туындағанда Ираннан 3 есе қымбатқа сатып алып маскара болған еді. Енді, міне, тағы да бар картопты өзбекке беріп, өзіміз тілімізді тістеп қалуға айналдық. Бұл нені түсіндіреді? Бұл – ауыл шаруашылық өнімдерін экспорттау, импорттау істерінде алдын ала жоспарлап, ел іші нарығының жағдайын толық ескермеудің көрінісі. Қазақстан сынды қазық қақсаң тал шығатын, шөбін тартсаң май шығатын құнарлы елде картоп тапшылығының туындауы, соның салдарынан бағаның аспанға ұшуы үкіметтің ел іші өндірісі мен ел нарығы үшінші елдерге экспорттауды табылмайтын толық табылмайтын алмағандығын көрсетеді. Екінші тұрғыдан алғанда, ақшаға қызығып, қажетті азық-түлігінді өзге елге сатып, өз халқының қажетін ескермеу мемлекеттің стратегиялық қауіпсіздік жағындағы қателігі болмақ. Бүгін картобын сатқан қазақ ертең бидайы мен ұнын, еті мен сүтін де шетелге сатып жіберіп, тілін тістеп отырмасына кім кепіл?! Бұл – ойланатын мәселе.

ҚАР ТАЗАЛАУҒА ЖҰМЫЛДЫРЫЛДЫ

Астананың коммуналдық қызметтері тәулік бойы тоқтаусыз режимде қар күреу жұмысын жүргізіп жатыр. Қыс басынан бері 3,3 млн текше метрден астам қар шығарылды.



20 қаңтарда күндізгі ауысымда қар тазалау жұмысына 2700-ден астам жол жұмысшысы және 1400-ден жоғары арнайы техника шықты. Ал 20 қаңтарға қараған түні елордадан қар полигондарына 1 793 рейспен 23 314 текше метр қар шығарылды. Қыс мезгілінің басынан бастап қаладан 275 940 рейспен 3,3 млн текше метрге жуық қар шығарылды.

Ең алдымен, ережеге сәйкес, жолдарда кептеліс болмас үшін қозғалысы өте қарқынды орындар тазартылады. Сондай-ақ қарқындылығы орташа учаскелер – алаңдар, вокзал маңы аумақтары, тротуарлар, әлеуметтік нысандарға кірме жолдар және т.б. тазартылады.

Орталық көшелерді, жолаушылар көлігі маршруттары жүретін орындарды, аялдамалар мен тротуарларды тазалау да басымдыққа ие. Қалада бірнеше жабдықталған қар полигоны бар. Олар самосвал техникасының нөмірлік белгілері оқу жүйесімен жабдықталған, мұнда бейнебақылау камералары орнатылып, жарықтандыру қосылған.

Елорда тұрғындары мен қонақтарынан жолдарда абай болуды, қауіпсіздік ережелерін сақтауды, дауылды ескерту болған жағдайда алыс сапарларға шықпауды сұраймыз. Төтенше жағдай туындаған кезде «112» нөміріне хабарласыңыз.

«Ваш Столичный Ломбард» ЖШС кепіл мүлкін соттан тыс сатуды күн сайын жүзеге асырады. Ломбардтардағы зергерлік бұйымдар түріндегі мүлкті ашық аукцион арқылы сатады. Толығырақ: vsl.kz/torgi

ТАЙТӨБЕДЕ – НИЯЗ БИ КЕСЕНЕСІ

Сарыарқаның қос өзені Есіл мен Нұра арасындағы жайдақ өлкеде Тайтөбеден биік жер де жоқ шығар. Нұра Тайтөбені оң жағымен, шығыстан айналып өтеді де, одан әрі Қорғалжын қопасына қарай тіке тартады.

Егер осы алаңға құс қанатының үстінен қарасақ, Тайтөбенің өзенге бір жағынан кіріккен түбек сияқты жер екенін аңғарар едік. Осылайша Тайтөбе тек батысынан, яғни қазіргі Астана жағынан ғана ашық табиғи бекініс сияқты. Ортағасырлық қоныстардың барлығы да, әсіресе хан мен сұлтандардың ордалары, осылайша тұтқиыл шабуылдардан қорғанды.

Оның басына шықсаң, көз жетер маңайдың бәрі алақанға қойғандай көрініп тұрады. Тайтөбенің биік жерінде Нияз би кесенесі орналасқан. Нияз Тілеуліұлы (1741-1790) – Абылай ханның бас билерінің бірі болған. Оның кесенесін Нияздың бір баласы Ахметов Ақмолда Хамзаұлының басқаруымен Нияз ұрпақтары 2009 жылы қайта көтеріп кесене орнатып, құран бағыштады.

Ұзын қыпшақтың алпыс тармағынан шыққан. Тапқырлығы мен әділдігіне риза болған Абылай хан Нияз бидің талантын жоғары бағалаған. Би өмірінің көпшілігін Қараөткелде, Көкшетау өңірінде өткізген.

Осындай ұлы батырлар мен билердің ортасынан тәлім алған Нияз ержете келе Есіл, Нұра жағаларын, Атбасар, Қараөткел атырабын мекен еткен елдерді басқарып, оларға әділ



билік жүргізген. Елдікті, ерлікті, бірлікті, ынтымақты, адалдықты, адамдықты уағыздап келген. Нияз бидің тапқыр, шешендігі жөнінде мына бір аңыз ел есінде қалыпты.

Зерттеушілер Ақмола (қазіргі Астана) қаласы атауының тарихын Нияз би қабірінің басына орнатылған ақ моламен байланыстырады. Ұзын қыпшақтар Торғай өзенінің алқабындағы қазіргі қоныстарына XVIII ғасырдың ақырында Нияз және Кенжетай билердің нұсқауымен келіп мекендеген. Нияздан Айдаралы, Байдалы, Жақсылық, Айдарбек, Байғозы ұрпақтары тарайды.



Әкесі Тілеулі батыр 92 баулы Қыпшақ жұртының құрама қолын басқарған Аңырақай, Қалмаққырған, Қалақұм тағы сондай атақты шайқастарда талай-талай ерлік көрсеткен Абылай ханның жеңімпаз батыры болыпты.

Нияз тәрізді бірегей билердің, батырлардың ел үшін, халық үшін атқарып кеткен игі істерін өшпестей етіп, тарих беттеріне түсіріп, мәңгі есте қалдыру – алдағы міндетіміз.

Мен – сол Нияз бидің ұрпақтарының бірімін. Таяуда кесенеге жөндеу жұмыстарын жүргіздік. Бұл да бір тарихи ескерткіштердің бірі болып қалды. Туристер, қала халқы зиратқа келіп қысы-жазы құран бағыштайды.

Алдағы уақыттағы мақсат – кесенеге баратын жолға көтерме жол, асфальт төсеу. Жан-жағын абаттандыру, ағаштар егу. Тарихи орынға айналдыру. Нияз биге арнап Тайтөбеден бір көше берсе жақсы болар еді.

Нияз би тәрізді ұлы билердің қазақ халқы үшін сіңірген еңбектері, игілікті істері – кейінгі ұрпағына өміршең өнеге. Сондықтан да, бар мұраты ел мерейімен байланысып жатқан аталардың көкірегіндегі аяулы арманның ұшқынын кейінгі ұрпақ бойына дарыта жүрсе, есте артық болмайды.

Рамазан ТӨЛЕНБИ,
Ақмола облысы
Целиноград ауданы



МАЙДАНГЕР ҚҰЖАТТАРЫ АРХИВКЕ ҚАБЫЛДАНДЫ

Екінші Дүниежүзілік соғысқа қатысушы, Қаз КСР Халық ағарту ісінің озық қызметкері Хәкім Сүлейменовтің 1938-2024 жылдар аралығын қамтитын құжаттары Астана қаласының Мемлекеттік архивіне қабылданды.

Майдангер құжаттарын архивке ұрпақтары тапсырды. Сол құжаттарды сөйлесек, Хәкім Сүлейменовтің 1919 жылы Көкшетау облысының Еңбекшілдер ауданына қарасты Сәуле колхозында дүниеге келді. 1932 жылдың ашаршылығында еке-шесі опат болып, балалар үйінде тәрбиеленді.

1941 жылы арнайы дайындықтан өткен Х.Сүлейменовтің соғыс басталғанда 168-атқыштар полкінің құрамына қабылданды. 1941 жылдың қыркүйек айының ортасында фашистер қолына түсіп, тұтқындалады. «Түркістан легионы» құрамында болады. 1945 жылдың желтоқсан айының соңында Францияның онтүстігіндегі Альба қаласынан Прокопьевск қаласына оралып,

1946 жылдың 1 маусымына дейін «Прокопьевск көмірінде» (бұрын арнайы кеңсе деп аталған) жерасты өрттерін сөндіру жұмысында істейді. Онымен бірге тұтқында болғандар Францияда қалуға көндірмекші болады. Бірақ ол елге қайтқысы келді, даланың иісін аңсады, туған тілді және домбыраның үнін естуді армандады.

Хәкім Сүлейменовті тұтқында-латынына сенбеді. Себебі артында әскери шайқастар, кеудесінде жауынгерлік марапаттар болды. Оны пойыздан тек НКВД жендеттері қарсы алады. 1946 жылдың желтоқсан айында Көкшетау облысының Еңбекшілдер ауданында үстінен жазылған «домалақ арыз» бойынша қамауға алынып, 8 жылға сотталады. 1947 жылдың сәуірінен 1955 жылға дейін Ста-

линдік лагерлерде Колымада ағаш дайындау жұмыстарында, содан кейін Магадан облысының Қиыр Солтүстігіндегі көмір шахталарында 60-70 градус аязда тұтқынға берілетін тойымсыз асты ішіп, 15-16 сағаттық адам төзгісіз ауыр жұмысқа шыдап, жазықсыз жазасын өтейді. Одан 1955 жылы босап келеді. Келген соң қалған өмірін қазақтың оқу-ағарту ісінен арнаған ол ұстаздық жолын бастады. Хәкім Сүлейменовті – оқу-ағартудағы 30 жылға жуық еңбегінде аудан, облыс, облыстық атқару комитеті, мәдениет бөлімдері мен Қаз КСР Білім министрлігінен 25-тен астам Құрмет грамоталарымен және «Қаз КСР Халық ағарту ісінің үздігі» марапатына ие болған ұлағатты ұстаз.

ДАНАЛЫҚПЕН ДАРАЛАНҒАН

Астанадағы Қадыр Мырза Әлі атындағы Vinom School мектеп-лицейінде көрнекті ақын, Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Қадыр Мырза Әлінің туғанына 90 жыл толуына орай «Даналықпен дараланған ақын әлемі» атты мастермайд өтті.

Іс-шара барысында «Ғылымға жақын бір қадам» атауымен STEM лаборатория бағыты бойынша көрме, «Жарқын болашаққа – Қадыр мұрасымен» атты виртуалды әуе саяхаты, «Өлең сөздің зергері – қазақтың Қадыры» атты шығармашылық сағаты ұйымдастырылды. Секциялық жұмыстар аясында «Инновациядан – интеграцияға» тақырыбында функционалды сауаттылыққа бағытталған шеберлік сабақтары, workshop т.б. іс-шаралар өтті.

Ақынның туған жері Батыс Қазақстан облысы, Сырым ауданындағы Қадыр Мырза Әлі атындағы жалпы орта білім беретін мектеп және Орал қаласындағы Қадыр Мырза Әлі атындағы мәдени орталықтың қатысуымен телекөпір ұйымдастырылды. Оқушылар Қадыр Мырза Әлі өлеңдерін оқып, қанатты сөздерге айналған шуммақтарына тоқталды. Ұстаздар ақынның жырларына жазылған әндерді орындады.



Қадыр Мырза Әлінің мұрағаттан алынған өз дауысымен оқылған өлеңдері тыңдалды. Іс-шара соңында мектептің әнұранына айналған Қадыр Мырза Әлінің өлеңіне жазылған Ескендір Хасанғалиевтің «Атамекен» әні орындалды.



ТҮТҚЫНДАР ТАҒДЫРЫ ТУРАЛЫ БЕЙНЕБАЯН

«АЛЖИР» мемориалды-мұражай кешенінде «АЛЖИР» атты музыкалық-хореографиялық бейнебаянның тұсаукесері өтті. Жоба аталмыш кешен мен Қазақ ұлттық хореография академиясының ынтымақтастығы арқасында жүзеге асты.

Бейнебаян «АЛЖИР»-де ауыр сынақтан өткен әйелдерге арналған. Шығарманың негізінде академия оқытушысы Бауыржан Бекмұханбетов, Мақсат Медеубек, Ержігіт Әлиев және Жанту Дадабаевтың, «Тұран» фольклорлық ансамблінің орындауындағы және өңдеуіндегі композитор Ақтоты Райымқұлованың «Толғау» музыкалық композициясы жатыр.

Бұл туындының идея авторы – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор Аида Әлішева. Лагерь тұтқындарының тағдырын суреттейтін би қойылымдарын Анвара Садықова қойды. Таспаға түсірген

оператор және монтажын жасаған – Алексей Некрасов. Актриса ретінде қатысқан академия магистранты, «Гүлдер» ансамблінің әртісі, халықаралық байқаулардың лауреаты Іңкәр Айдарханқызы би қимылдары арқылы тұтқындардың жан дүниесін көрсетті.

Тұсаукесерге Астана қаласы әкімдігінің Біріккен музейлер дирекциясының басшысы Сергей Солодовников, «АЛЖИР» мемориалды-мұражай кешені директорының орынбасары Самат Тергеубаев, экскурсиялық-көрме бөлімінің басшысы Раиса Жақсыбаева, музей қызметкерлері, хореография факультетінің

студенттері мен педагогтары, «Тұран» ансамблінің музыканттары, әртістер мен жетекшілер, «Гүлдер» ансамблі, сондай-ақ лагерьде отырған әйелдердің ұрпақтары, атап айтқанда, дәрігер Мағрифа Қазбекованың немересі Жанат Мұратқызы қатысты. Қатысушылар бейнебаян туралы пікірлерімен, жақындары туралы естеліктерімен және мұражай қызметінің маңыздылығы туралы әңгімелерімен бөлісті. Тұсаукесерден кейін студенттерге мұражайға экскурсия жүргізіліп, деректі фильм көрсетілді, тарихи фактілерді талқылау ұйымдастырылды.

Дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**



СИМФОНИЯЛЫҚ КЕШ ӨТТІ

Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның концерт залында симфониялық оркестр «Симфониялық телепортациялар» топтамасының үшінші концертін қойды.

Кеш аясында көрермендерге әйгілі фин композиторы Ян Сибелиустің музыкасы ұсынылып, № 2 симфониясы, Romance in C op 42 және «Туонель аққуы» сияқты шығармалары орындалды. Сондай-ақ кеш барысында эстондық композитор, Эстониядағы қазіргі

композиторлық мектептің негізін қалаушылардың бірі Х.Эллердің шығармалары да көрерменге жол тартты.

Ал музыкалық кеш қонағы эстондық дирижер Ханно Мольдеркиви болды. Әрі онымен бірге өнер көрсеткен оркестрлердің

қатарында Вааса симфониялық оркестрі (Финляндия), Дубровник симфониялық оркестрі (Хорватия), Пловдив Опера оркестрі (Болгария), Молдова радио және телевизия оркестрі және Қарағанды симфониялық оркестрі бар.